

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҮ дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге, кредиттік бюроға / бюродан ақпарат беруге және алуға Келісім-өтініштің үлгілік нысаны

Келісімді рәсімдеу күні ____ ж. « ____ » _____

Мен, _____ (Т.А.Ә. (болған жағдайда)), ЖСН _____, Келісім-өтінішке қол қою арқылы **Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҮ-ға** (бұдан әрі – Банк), **БСН 080940010300** келесі әрекеттерге **келісім беремін**:

- 1) менің дербес деректерімді, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жылы, айы, туған күні мен орны, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, тұрғылықты жері, тіркеу мекенжайы, пошталық және электрондық мекенжайы, телефон нөмірі, еңбек шартының бар-жоғы туралы мәліметтерді, биометриялық деректерді, қаржылық деректерді, менің табыстарымды айқындайтын (растайтын) мәліметтерді, әлеуметтік және (немесе) құқықтық мәртебелерді айқындайтын мәліметтерді, құпия ақпаратты («мәліметтер») жинауға және өңдеуге, Банктің қойылған міндеттерді орындауы үшін, сондай-ақ банктік және/немесе өзге де қызметтерді (операцияларды) көрсету, менің кредит қабілеттілігімді және (немесе) төлем қабілеттілігімді бағалау, Банктің ішкі бақылауы мен есебін (оның ішінде міндеттемелерді орындау, берешекті өтеу шеңберінде), сәйкестендіру / аутентификациялау / авторизациялау/ тіркеу / тексеруді көрсету үшін қажетті және жеткілікті, ҚР заңнамасы және осы өтініш шеңберіндегі өзге де кез келген іс-қимылдар - оларды алу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, растау, жаңарту, өзгерту, пайдалану, тарату, иесіздендіру, қарау, бұғаттау, жою, мәліметтерді кредиттік бюроға беру, Банктің мемлекеттік дерекқордан («МДҚ») мәліметтерді алуы жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғанда, менің мәліметтеріммен келісу), «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, сәйкестендіру деректерімен алмасу орталықтары және / немесе ақпараттандырудың өзге де кез келген объектілері, дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік (мемлекеттік емес) сервистері, оның ішінде кредиттік бюро («Бірінші кредиттік бюро» ЖШС қоса алғанда), МДҚ бойынша сервис, МДҚ операторлары / иелері арқылы, сондай-ақ Банктің иелігіндегі ақпаратты, оның ішінде мәліметтерді және/немесе банктік құпияны құрайтын ақпаратты көлемі мен тәртібімен ашуға және беруге, (трансшекаралық беруді қоса алғанда) үшінші тұлғаларға және ВТБ тобының мүшелеріне келісім беремін. Сондай-ақ, кредиттік бюроның Банкке МДҚ мәліметтерін беруіне, кредиттік бюроның, Банктің МДҚ операторларынан/иелерінен МДҚ мәліметтерін алуына, МДҚ операторларының / иелерінің кредиттік бюроның және банктің барлық МДҚ мәліметтерін тікелей және/немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне келісім беремін, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ұсынуға (беруге), ашуға және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС мен Банктің мәліметтерді алуына, сондай-ақ, ҚР Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті тұлғаның мемлекеттік қызметтер көрсетуге кредиттік бюролар арқылы, оның ішінде болашақта кредиттік бюролар мен банкке мәліметтерді ұсынуына келісім беремін. Осымен мен өзіме қатысты ақпаратты кез келген нысанда банкке беретін үшінші тұлғалардың келісімдерін алғанымды, олардың дербес деректерін Банкке беруге және оларды көрсетілгендерге сәйкес одан әрі өңдеуге және сақтауға беретінімді растаймын, сондай-ақ мұндай тұлғаларды бұл туралы хабардар ету міндеттемелерін өзіме қабылдаймын;
- 2) «Қазақстан Республикасында кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңының 23-бабының ережелеріне сәйкес Банкке мен туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге;
- 3) кредиттік бюроларға Банкке мен туралы кредиттік есепті, оның ішінде болашақта келіп түсетін деректерді қоса алғанда, мемлекеттік дерекқордан (дерекқорлардан) ақпаратты қамтитын есепті беруге;
- 4) жеке тұлғалардың кредиттік бюроларға кірістері туралы ақпаратты жинауға және беруге байланысты қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – Ұйым)/ кредиттік бюролардың мен туралы кредиттік бюроларға Ұйымнан алынған ақпараты бар кредиттік есептер Банкке және кредиттік бюролармен ақпарат беруіне, ҚР заңнамасына сәйкес Ұйымдардан алынған ақпараты бар кредиттік есепті Банкпен алуға;
- 5) ақпаратқа қол жеткізуге/Банк және мен арасында қол қойылған барлық электрондық құжаттар туралы және/немесе көрсетілген құжаттармен/куәландырушы орталықтан менің ақпаратыммен байланысты, оның ішінде менің ЭЦҚ/ЭЦҚ бойынша сертификаттарымды растауға байланысты ақпаратты алуға;
- 6) фототүсірілім (фотокадр) және/немесе дыбыс және/немесе бейнежазба жасауға, сондай-ақ менің суретімді (дыбысы бар / дыбысы жоқ фото / бейне) және үшінші тұлғалардың қатысуымен, оның ішінде түсіруді / растауды / жаңартуды / сақтауды / пайдалануды / көшіруді / беруді және (немесе) дауыстық хабарлама (- лар) ойнатуды жүзеге асыруға.

Осы Келісім-өтініш қолда бар мәліметтерге және болашақта Банкке түсетін ақпаратқа қолданылады.

Осы Келісім-өтініш ҚР заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құжаттамалардың/құжаттардың, келісімдердің сақталу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Банк жасаған және менің _____ ұялы телефон нөміріме жіберген бір реттік SMS растау кодын (SMS-код) қолдану арқылы осы Келісім-өтінішті ұсынғанымды және оған қол қойғанымды растаймын.

Сұрау күні және уақыты, SMS коды
Растау күні және уақыты, SMS коды